

Суды өрт сөндіру қажетіне пайдалану тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 тамыз 1994 ж N 930. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

б ы л а й д е п б е л г і л е н с і н :

судың ласталмауы қамтамасыз етілетін болса өрт сөндіруге қажетті суды кез келген су тоғандарынан ерекше рұқсатсыз алуға болады;

осы мақсат үшін су алу орнын таңдауды су ресурстарын басқару, табиғатты қорғау және денсаулық сақтау мемлекеттік органдары қоятын шарттарды орындай отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жергілікті өрттен қорғау органдары, ал оларды жабдықтауды /бекеттер, кірме жолдар, жарық белгілері және т.б./ - жергілікті әкімдер жүзеге асырады;

қай ведомствоға жататынына және меншік нысанына карамастан, су құбырлары ғимараттары мен жүйелерінен өрт сөндіруге қажетті су алу қолданылып жүрген нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады;

өз балансында су құбырлары ғимараттары мен жүйелері бар заңды ұйымдар өрт сөндіру ғимараттары мен қондырғыларының жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі